Жауап: Біріншіден, «Спутник-лайт» - бұл «Спутник-V» вакцинасының тек бір компонентінен тұратын екпе түрі. «Спутник-V» 2 компоненттен тұрады, онда бірінші компонент 26-серотип аденовирусы негізінде жасалған. Сондықтан, «Спутник-лайт» өндірілу технологиясы бойынша «Пфайзерден» ерекшеленеді. Егер «Спутник-лайт» және «Спутник-V» сақтау үшін -18°C және одан төмен ауа температурасы қажет болса, онда «Пфайзер» вакцинасын сақтау үшін ұйымдастырылған екпе кабинетінің көлемі мен оның медициналық ұйымнан қашықтығына байланысты температуралық режимнің ерекше шарттары талап етіледі.

9. Белсенді емес және белсенді немесе тірі немесе өлі вирус дегеніміз не?

Жауап: Мен бірден айтқым келеді, бүгінгі күні коронавирустық инфекцияға қарсы тірі вакциналар жоқ. Оларды ешкім шығармайды және еш жерде қолданылмайды. Белсенді емес вакциналар ең алғашқы ауырған пациенттерден қатаң биологиялық қауіпсіздік жағдайларында алынған өлтірілген вирус негізінде және вакциналардың үлкен көлемін өндіру үшін вирустардың көбеюіне қойылатын ең қатаң талаптарды сақтай отырып жасалады. Бұл әдіс вакцинология мен иммунологияда 70-80 жылдан аса уақыт қолданылып келеді. Әдетте, вирус химиялық заттармен, соның ішінде, формальдегидпен «өлтіріледі», содан кейін ол толығымен тазартылады. Ал, вирустың фрагменттері антиденелерді шығару үшін вакцина құрамына енеді, сөйкесінше, вирустың мұндай бөлшектері коронавирустық инфекцияны тудырмайды.

10. Вакцина алған кезде басқа адамдарға вирус жұқтыру ықтималдығы қандай? Вакцинацияланған адам инфекцияланған болуы мүмкін бе?

Жауап: Әрине, жоқ. Вакцинацияланған адам екі компоненттің біреуі енгізілгеннен кейін антиденелер әлі дамымаған кезеңде тірі вирус жұқтырған жағдайда ғана инфекция көзі бола алады. Әлемде қолданылатын вакциналардың ешқайсысында ағзаға түскеннен кейін коронавирус ауруын тудыруы мүмкін бөлшектер жоқ. Сонымен қатар, вакцинацияланған адам қарапайым сақтық шараларын: бет-

перде кимеу, қолды жуму, әлеуметтік қашықтықты сақтау, адамдар көп жиналатын жерлерге бару және т.б., сақтамаса, коронавирус жұқтырып, өзгелер үшін инфекция көзі болуы мүмкін.

11. Вакцина алғаннан кейін жас қыздардың дені сау бала көтеріп, босана алатынына дәлелді кепілдік бар ма?

Жауап: Вакцинаның құрамына кіретін барлық компоненттер репродуктивті жүйеге әсер ете алмайды деп сенімді түрде айта аламын. Керісінше, жүктілікті жоспарлау кезінде, болашақ ана мүмкін инфекциядан сақтандырылып, дүниеге сау бала әкелу үшін, алдымен, вакцина алуды ұсынамыз. Мысалы, 2 және 3-ші триместрде жүкті әйелдерді тұмауға қарсы вакцинациялау әдісін біз 10 жыл бойы қолданып келеміз. Тұмауға және коронавирустық инфекцияларға қарсы белсенділігі жойылған вакциналардың жасалу әдісі өте ұқсас келеді. Ал, вакциналар болашақ ананы жүктілік кезінде қорғайды, сонымен қатар, оның антиденелері жатырда жатқан баланы қорғауға көмектеседі. Сондай-ақ, ерлердің репродуктивті жүйесіне де COVID-19 вакциналары да еш әсер етпейтінін атап өткім келеді. Бірақ, КВИ инфекциясымен ауырғаннан кейін ерлер күшінің белсенділігінің төмендеуі ықтималдығын біздің ғалымдар урологтар мен репродуктологтар атап өтуде.

12. Әркімнің иммунитеті әртүрлі. Неліктен сынамалық екпе жүргізілмейді?

Жауап: Денеге міндетті түрде сынақ түрінде енгізілуі керек арнайы гетерагенді препараттар бар. Бірақ Профилактикалық екпелердің ұлттық күнтізбесіне кіретін және эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша жоспарлы түрде вакцинация жүргізуге ұсынылған (қызылшаға, қызылшаға, А гепатитіне, В гепатитіне және т.б. қарсы) вакциналар клиникаға дейінгі сынақтар мен 3 кезеңдік клиникалық сынақтар кезеңінде пайдалануға рұқсат етілген. Сынамалық екпе жүргізудің қажеттілігі жоқ. Қазақстанда қолданылатын коронавирустық инфекцияға қарсы вакциналарды клиникалық зерттеудің 3-кезеңінің бірінші және екінші кезеңдерінің өзінде Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы және басқа да халықаралық ұйымдар пандемия кезеңінде қолдануға ұсынды.

13. Қазіргі таңда балаларды вакциналау мәселесі көтерілуде? Бұл процедура қалай жүргізіледі?

Жауап: Қазақстанда вакцинация, егер туғаннан бастап 18 жасқа дейінгі балаларға қатысты болса, ата-аналардың ақпараттандырылған ерікті жазбаша келісімімен ғана жүргізіледі. Сондықтан, егер медициналық ұйымдарда вакцинация ұйымдастырылса, ата-аналар міндетті түрде хабардар етіледі. Ата-аналардың

ақпараттандырылған және ерікті келісімінсіз бірде-бір бала, оның ішінде, коронавирустық инфекцияға қарсы вакцинамен егілмейді.

14. Оқу жылы басталғалы бері балалар бірнеше сағат бойы бетперде тағып отырады? Тыныс алу қиын. Бұл олардың денсаулығына қалай әсер етеді?

Жауап: Сондықтан, біз қалыпты өмірге тез оралуымыз үшін бәріміз вакцинациялануымыз керек. Әлемде адамдардың басым көпшілігі вакцинацияланған кезде, вирус екпе алмағандар арасында жаңа «құрбандарды» іздейді және шексіз өзгеріп, мутацияға ұшырайды. Сондықтан біздің міндетіміз – барынша ұжымдық иммунитетке қол жеткізу үшін вакцинациялау қажеттілігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

15. «Пфайзер» Қазақстанға шектеулі мөлшерде және балалар үшін жеткізіледі. Сіздің айтуыңыз бойынша, оларды сақтау оңайға соқпайды. Біздің медициналық мекемелер осындай құнды жүкті қабылдауға және оны балаларды вакцинациялау үшін бастапқы күйінде қамтамасыз етуге қаншалықты дайын?

Жауап: Бұл бағытта ауқымды жұмыстар жүріп жатыр. Облыс орталықтары, бірінші кезекте, вакциналардың негізгі қорын сақтауға арналған мұздатқыш камералармен жабдықталады. Сондықтан, вакцина келгенге дейін ешқандай проблемалар болмайды деп ойлаймын. Сонымен қатар, қазіргі уақытта «Пфайзер» вакцинасының барлық сипаттарын қысқа уақыт мерзімде – бір ай бойы +2°C-тан +8°C-қа дейінгі температура жағдайында сақтауға болатыны дәлелденген, бұл бізге вакцинаны қауіпсіз және тиімді қолдануға жақсы мүмкіндік береді.

16. Вакцинациядан кейін басқа созылмалы аурулардың нашарлауы мүмкін бе? Жазда Теңізге вакцина алғаннан кейін бір әйелде эпилепсия орын алған жағдай болды. Кейін облыстық денсаулық сақтау басқармасы 7-8 жыл бұрын әйелде эпилепсия болғанын растады. Бірақ, ол есепте тұрмаған. Яғни, әйел өзінің ауруы туралы білмеді, өйткені, осы уақыт ішінде бұл ауру оны мазаламады.

Жауап: Медицинада иммунизациядан кейін орын алатын,

медицина қызметкерінің немесе халықтың алаңдаушылығын тудыратын және болжам бойынша иммунизациядан туындаған медициналық жағдай зерттеуді талап етеді.

Қазақстанда нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мұндай жағдай туындаған жағдайда шұғыл хабарлама жіберіледі және эпидемиологиялық тексеру жүргізіледі. Қажет болған жағдайда басқа медициналық салалардағы сарапшылар мен халықаралық сарапшылар тартылады. Тек мамандардың комиссиясы вакцинациядан кейін белгілі бір жағдайға әкелген басқа факторлардың рөлін жоққа шығаруы немесе вакцинациямен байланысты екенін растауы мүмкін.

Басқа елдердің тәжірибесінен біз сіз сипаттаған осындай жағдайлардың коронавирустық инфекцияға қарсы вакцинаның құрамымен байланысы жоқ екенін білеміз. Сондықтан, бұл әдетте, вакцинаның инфекцияға реакциясы, вакцинацияның психозомоналды жағдайымен байланысты, инъекцияға (укол) байланысты ауырсыну синдромынан қорқы.

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

Біз инфекцияның жаңа екенін бәріміз жақсы түсінеміз! Қоздырғыш – «корона» вирусы бұрын адам популяциясында ауру тудырмаған, әсіресе, қазіргідей кең таралмаған!

Аурудың таралуы кезінде вирус сыртқы ортаға да бейімделеді, біз қолданатын әрекеттерден қорғанады – қасиеттерін арттырады (Альфа, Бета, Дельта және т.б.). Осыған қарамастан, ғалымдар бұл вирустың бетінде ауруға ықпал ететін жеткілікті төзімді ақуыздар бар екенін анықтады және қолдануға рұқсат етілген вакциналар жасалды.

Сонымен қатар, бүгінгі күні бірде-бір вакцинаның құрамында созылмалы немесе «ұйықтап жатқан» аурулардың өршуіне тікелей себеп болатын ингридиенттер анықталмаған. Әдетте, барлық жаңа ғылым одан әрі зерттеледі және қауіпсіздік пен тиімділік туралы жаңа мәліметтер алынған кезде біз осы вакциналарды басқа жастағы немесе қауіп-қатер тобында қолдану үшін жаңа білім мен тәжірибе жинақтауадымыз. Егер вакцина енгізу кезеңімен сәйкес келетін уақытта реакция байқалса, басқа да факторлардан болуы ықтимал.

Қазақстанда жоспарлы вакцинациялау мен эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша қауіпсіз иммундауды жүргізу үшін барлық жағдай жасалғанын тағы да атап өткіміз келеді.

Барлығыңызға денсаулық және мықты иммунитет тілейміз!



Экологиялық талаптарды САҚТАУ ӨЗЕКТІ

Экологиялық жауапкершілік – «Ембімұнайгаз» АҚ-ның өз жұмысында басымдық беретін бағыттарының бірі. Корпоративтік жауапкершілігіне мұқият қарайтын отандық мұнай өндіруші компания күнделікті өндіріс барысында табиғат ортасын ластануға, экологиялық талаптарды тиісті деңгейде сақтауға жоғары мән беріп келеді.



Бұл орайда, Ембі өндірісінде қоршаған ортаның тазалығын сақтау мақсатында жаңалықтар мен өзгерістер кезең-кезеңімен қолға алынып келе жатқанын баса айтқан жөн. Осындай өндіріс жаңалығының бірі – бұрғылаудан шыққан ұңғымаларды іске қосарда, оған канализациялық ысырмасы бар сағалды алаңдарымен жабдықтап беру жүзеге асып отыр. Ұңғымаларға жерасты жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде төгілген мұнай қалдықтарынан айналынып ластанудан сақтау үшін канализациялық ысырмасы бар сағалды алаңдарының құрылысы жүргізу бүгінде барлық басқармаларда жүргізілуде. Бұл жұмыс бұрын кен орындарын жайластыру кезінде қаралмаған мәселе болатын.

Қазіргі уақытта «Ембімұнайгаз» АҚ-да 32 мұнай кен орны игеріліп, оларда 2189 ұңғыма пайдаланылып отыр. Ембі өндірісіндегі кен алаңдарының 70 пайыздан астамы 40 жылдан бастап 100

жылға дейінгі аралықта игеріліп келе жатқандығын ескерсек, ескі кеніштерде экологиялық талаптарды сақтау өзектілігін жоймайды.

Кешегі күндерге қарасақ, өткен ғасырдың 80-шы жылдарына дейін мұнай өндіру барысында ешқандай табиғатты қорғау шаралары сақталмағаны жасырын емес. Ол кездерде экологиялық талаптарды алға шығарған заңды құжаттар да тиісті деңгейде күшіне енгендігіне байланысты, амбарларды, мұнай жинағыштарды пайдалана отырып өнім өндіруге рұқсат берілген.

Ал, бүгінгі таңда қоршаған ортаны сақтауға қатысты көзқарас та, талап та өзгерді. Осыған сәйкес, тиісті құжаттар да бекітілді. Қазіргі жағдайда «Ембімұнайгаз» АҚ өзінің негізгі міндеті мұнай және газ өндірумен қатар, қоршаған ортаны ластану, оны қорғау және табиғат ресурстарын тиімді пайдалану мәселесіне ерекше мән беріп отыр. Бұл орайда, компанияның қол жеткізген табыстары да

айтарлықтай.

Экологиялық көрсеткіштерді жақсарту бойынша жүргізілген жұмыстар нәтижесінде, «Ембімұнайгаз» АҚ Ресейдің Дүниежүзілік жабайы табиғат қорымен (WWF) және ҚР Энергетика министрлігінің қолдауымен құрылған «КРЕОН» тобымен ұйымдастырылған Экологиялық жауапкершілік саласындағы Қазақстанның мұнай-газ компанияларының ашықтық рейтингінде және Орталық Азиядағы Қоршаған орта бойынша БҰҰ Бағдарламасына сай серіктестікте 2019 жылы бірінші рет 3-ші орын алды. Ал 2020 жылы 2-ші орынды иеленді.

Ресейдің WWF тәуелсіз сарапшылары, Ұлттық Рейтинг Агенттігі және Sreop Group төтенше жағдайлар мен мұнай апаттары туралы ақпараттың ашылуын мұқият зерттеп, рейтингке қатысқан компаниялардың экологиялық ашықтығы өсіп келе жатқанын атап өтті.

2020



ПРИЛОЖЕНИЕ 4. ДОЧЕРНИЕ ПРЕДПРИЯТИЯ НК «КАЗМУНАЙГАЗ»

APPENDIX 4. KAZMUNAYGAS SUBSIDIARIES AND AFFILIATES



Итоговое место Final Position	Компания / Company	Балл за раздел Category score	Движение по рейтингу Change YOY
1	Интергаз Центральная Азия / Intergas Central Asia	1,5778	0
2	Эмбамунайгаз / Embamunaigas	1,4637	0
3	КазТрансОйл / KazTransOil	1,3915	0
4	ПетроКазахстан Ойл Продактс / PetroKazakhstan Oil Products	1,2989	+3
5	Азиатский Газопровод / Asia Gas Pipeline	1,2852	+4
6	ПНКЗ / Pavlodar Oil Chemistry Refinery	1,2741	-2
7	Газопровод Бейнеу-Бозой-Шымкент / Beineu-Shymkent Gas Pipeline	1,1963	-1
8	Озенмұнайгаз / Ozenmunaigas	1,0403	0
9	КазакхОйл-Актобе / KazakhOil Aktobe	0,9744	+6
10	АНПЗ / Atyrau Refinery	0,8926	-5
11	СП «CASPI BITUM» / JV CASPI BITUM	0,8524	-1
12	КазГПЗ / KazGPZ	0,8037	+5
13	Казакхтуркмұнай / Kazakhturkmunai	0,6204	-1
14	Мангистаумұнайгаз / Mangistaumunaigas	0,6068	-3
15	Казтрансгаз Аймак / KazTransGaz Aymak	0,5889	-2
16	Каражанбасмұнай / Karazhanbasmunai	0,5833	0
17	СП «Казгермұнай» / JV Kazgermunai	0,5556	-3

Итоговое место	Компания	Итоговый балл
1	АО «НК «КазМунайГаз»	1,3040
2	«Карачаганак Петролиум Оперейтинг»	1,2059
3	АО «Эмбамунайгаз»	1,1924
4	Норт Каспиан Оперейтинг	0,9591
5	АО «Каражанбасмұнай»	0,4752
6	ТОО «Жаикмұнай»	0,4622
7	ТОО «Тенгизшевройл»	0,4387
8	АО «Каспий нефть»	0,4276
9	АО «СНПС-Актобемұнайгаз»	0,3646
10-12	ТОО СП «Казгермұнай»	0,3540
10-12	АО «Петро Казахстан Кумколь Ресорсиз»	0,3540
10-12	ТОО «КазакхОйл-Актобе»	0,3540
13	ТОО «Саутс Ойл»	0,3064
14-17	Бузачи Оперейтинг Лтд.	0,2694
14-17	АО «Тургай Петролеум»	0,2694
14-17	Маерск ойл Казахстан	0,2694
14-17	ТОО «Кольжан»	0,2694
18	АО «Мангистаумұнайгаз»	0,2429
19	АО «Озенмұнайгаз»	0,2323

БІЗДІҢ ЕМБІЛІКТЕР

МӘРТЕБЕСІ АРТҚАН МҰНАЙШЫ

Ғұмырының тура 40 жыл уақытын Ембі өндірісіне арнап, табан аудармастан бір мекемеде еңбек ету – үлкен шыдамдылық пен жүрек қалауымен таңдаған мамандыққа деген адалдықтың нақты айғағы.

«Доссормұнайгаз» МГӨБ еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік бөлімінің еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі 2-санатты инженері Сакабжамал ТАНБАЕВА – осындай игі қасиетімен ерекшеленетін маман, өз ісінің білгірі.

Алматы қаласында тігін саласында оқып, кейін тағдыры тоғыстырған Мақат ауданының Бүркіт есімді жігітімен тұрмыс құрады.

Қазақ мұнайының қарашаңырағы саналатын өлкеге келін болып түскен ол көп ұзамай «Мақатмұнай» мұнай-газ өндіру басқармасына жұмысқа орналасады.

Кейін Гурьев политехникалық техникумына оқуға түсті.

Мұнайшы мамандығына деген құштарлық сол алғашқы жылдардан бастап қалыптасып, жігері оны өндіріс алаңдарына алып келді. Ол сонау 1981 жылы Мақат мұнай өндіру басқармасына 2-разрядты мұнай өндіру операторы болып еңбекке араласып, сол кездегі 19 жастағы қаршадай қыз 1994 жылға дейін қыстың суығы мен жаздың ыстығына қарамастан мойнына артылған үлкен жауапкершілікті абыроймен атқара білді. Кейін еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік бөлімінде, күрделі құрылыс бөлімінде инженер болып еңбек етті.

Тумасынан талпынысы зор, зеректігімен көзге түскен Сакабжамал қызметтік міндеттеріне тез арада үйренісіп шырқ үйіріп атқарып кетті.

Көп ұзамай заман өзгерді, жүйе тарап, еліміз егемендігін алды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары кім-кімге болса да оңай тиген жоқ. «Балапан басына, тұрымтай тұсына» кеткен сол заманда мұнай саласы да көптеген қиыншылықтарға ұшырады. Мұнайшылардың бірнеше айлар бойына жалақыларын ала алмай жүрген кездері де болды, бірақ Сакабжамал Танбаева оған да мойыған жоқ. Қандай қиыншылықтар болса да жұбайымен мұнай өндірісінен қолдарын үзбеді.

1998-2006 жылдары Мақатта мұнай дайындау және айдау



цехының бастығы болып жауапты қызметті де бұжытпай орындады.

Бұдан соң Шығыс Мақат мұнай дайындау және айдау цехында шебер болып та қызмет атқарды. Ол кезде өндірістің жағдайы қалай, қазіргідей емес, күні түні ұңғымадан май алып, май тапсырып жататын мұнайшыларда жанкешті тірлік. Өндірістегі осындай қайнаған жұмыстың бел-ортасында жүру, «қара алтын» өндіру, дайындау, айдау істеріне араласу – кейіпкеріміздің өміріндегі ең жарқын кезеңдерінің бірі саналады.

Ал, 2008 жылдан бастап еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласында еңбек етіп келеді.

- Жұмыстың аты жұмыс, кен орнында «сен ер адам екенсің, сен

әйел адам екенсің» деп бөлмейді, мұнайшылардың барлығына қойылатын талап бірдей» дейді әйел адамға қол емес көрінетін мұнай-газ өндіру операторы қызметінен бастап өзге де күрделі мамандықтарды бірде-бір ер адамнан кем атқармаған Сакабжамал Танбаева.

Кен орнында көп жылдық тәжірибе жинаған ол жастарды мамандығына үйретуден де аянған емес.

Жоғарыда атап өткеніміздей, кейіпкерімізге өмірлік жолдас та мұнайшы жігіт болып кездесті. «Доссормұнайгаз» МГӨБ-де ұзақ жылдар бойы түрлі қызметтерді атқарып, бүгінге зейнеткерлік демалысқа шыққан Бүркіт Танбаевпен бірге 1 ұл, 2 қыз тәрбиелеп өсірді.

«Орны бар оңалар» демекші, бүгінде ұлы Ернар ата-аналарының жолын қуып мұнайшы мамандығын таңдады. Қыздары да қалаған мамандықтарын алып, елігілігіне еңбек етуде. Өндіріс пен үйдегі қыруар шаруаның бел ортасында жүріп Сакабжамал еш мойыған жоқ.

Ел қазынасын еселеудегі жұмысы елеусіз қалмады. Осынау 40 жыл еңбек өтілінде көптеген марапаттар мен мадақтауларға ие болды. Атап айтсақ, ҚР Тәуелсіздігінің 10 жылдығына орай «Мақатмұнай» МГӨБ-нің Құрмет грамотасымен (2001 ж.), «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Құрмет грамотасымен (2004 ж; 2018 ж.), «Мақат кен орнына 90 жыл» төсбелгісімен (2005 ж.), «ҚазМұнайГаз» АҚ-ның «Доссор кен орнына 100 жыл» төсбелгісімен (2011 ж.), «Ембімұнайгаз» АҚ Құрмет грамотасымен (2017 ж.), «Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласының үздігі» байқауының дипломы (2018 ж.), ҚР Энергетика министрлігінің «Қазақстан мұнайына 120 жыл» мерейтойлық медалі (2019 ж.) және т.б. марапатталды.

Бүгінде кейіпкеріміз Сакабжамал Танбаева құрметті зейнеткерлік демалысқа шыққалы отыр. Әріптесіміздің деніне саулық, отбасына бақ-береке, шанырақ шаттығын тілейміз!

ХАБАРЛАНДЫРУ! БАЙҚАУ!



Құрметті әріптестер!

2022 жылы Қазақ мұнайының қарашаңырағы «Ембімұнайгаз» АҚ-ның құрылғанына 100 жыл толады. Мұнайлы Ембінің Қазақ жеріндегі тарихи рөлін ескере отырып, мерекелік іс-шараларды облыс көлемінде атап өту жоспарлануда.

Кез-келген іс-шара өзіндік айшықталатын таңбасынан басталатыны анық.

Осы тарихи мереке қарсаңында Қоғам қызметкерлері арасында «Ембімұнайгаз» АҚ-ның құрылғанына 100 жыл толуына орай «Үздік логотип» байқауы жарияланады.

БАЙҚАУ ТАЛАПТАРЫ:

Байқауға «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері қатыса алады.

Логотип А4 форматта болуы қажет және сурет құралдарымен немесе компьютерлік графика нұсқаларында қабылданады.

Логотипте «Ембімұнайгаз» АҚ-на 100 жыл» нышаны болуы тиіс.

Автор логотипте көрсетілген бейнелерге анықтама (А4 форматта) қосымша тіркеуі тиіс.

Логотип авторының аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны көрсетілуі тиіс.

Логотипте адам бейнесін қолдануға тыйым салынады.

Өзге шараларға, мекемелерге дайындалған логотиптерді қолдануға тиым салынады.

Ұйымдастыру комитеті логотиптерді мерекелік шараға пайдалануға құқылы.

Ең үздік логотип Ұйымдастыру комитеті мүшелерінің арасында таңдау арқылы жүзеге асырылады.

Жұмыстар (логотип) G.Mekebaeva@emg.kmger.kz электрондық пошта арқылы Мекебаева Гауһар Оңғарқызына (байланыс телефоны. Корал – 21-378, 99-32-78) жолданылуы тиіс.

Жұмыстарды (логотиптер) қабылдау мерзімі: 25 қазан, сағат 16.00-ге дейін. Кешіктірілген жұмыстар қабылданбайды.

Тапсырылған жұмыстар кейін қайтарылмайды.

Ең үздік логотип авторы алғыс хатпен және естелік сыйлықпен марапатталады.

Әріптестер, баршаңызды белсенділікпен атсалысуға шақырамыз.

Ұйымдастыру комитеті

СААУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

«Жеңіс оңайлықпен келген жоқ» - Марат ОРАЗАЛИЕВ

«Ембімұнайэнерго» басқармасының электр монтаждау учаскесінің 5-разрядты электромонтері Марат ОРАЗАЛИЕВ жеңісті жолын жалғазды. Ақтау қаласында өткен триатлоннан Қазақстан чемпионаты аясында бағын сынап, чемпион атанды.

Каспий жағалауындағы бәсекелі доғаға 100-ден аса спортшы, атап айтсақ, Ақтау, Алматы, Нұр-Сұлтан, Орал, Ақтөбе, Шымкент қалалары мен елімізде еңбек етіп жатқан шетелдік азаматтар қатысты. 1,9 шақырымға жүзу, 90 шақырым веложарыс, 21,1 шақырым қашықтыққа жүгіруден алдына жан салмаған Марат мәре сызығын 4 сағат 41 минут 32 секундта кесті. Одан кейінгі орындарды елордалық және алматылық спортшылар еншіледі.

- Жарыс күндері жел күшейіп, ауа-райы қолайсыз болғанына қарамастан, бәсеке өте тартысты өтті. Қарсыластардың барлығы мықты, өз ісінің шеберлері болды. Жеңіс оңайлықпен келген

жоқ. Осы орайда, доғаға қатысуыма қаржылай көмек көрсеткен «Ембімұнайэнерго» басқармасы кәсіподақ ұйымының төрағасы Сүндет Шеруеновке алғысым зор, - дейді әріптесіміз Марат.

Биыл Марат үшін табысты жыл болды. Спортты жанына серік еткен ол бұған дейін триатлоннан үш жарыс өткізіп, жеңіске жеткен болатын. Ендігі мақсат – келер жылы ұйымдастырылатын «IRONMAN ASTANA» додасы. Әлемнің мықтыларының басын қосатын бұл байрақты бәсекеде 3,8 шақырым жүзу, 180 шақырым веложарыс және 42,2 қашықтыққа жүгіру міндеттеледі. Ембілік маман бұл дүбірлі доғаға дайындықты бастап та кетті.

Біз әріптесімізге жеңіс жолында сәттілік тілейміз!





Мұнайшы әкем

Камшыдай қысқа өмірде,
Қара-шойын темірдей.
Қысы-жазы құлшынып,
Қолдарын аяз тоңдырып.
Қар мен терге шомылып,
Қыздырып күн терісін.
Қасқайып тұрып бекініп,
Қайыспай бекем буынып.
Қабағын шытып мойымай,
Қыдыр қонған ел үшін.
Қайнар, Доссор, Жайық, Жылыойда,
Қайсар әкем тер төгіп.
Қара алтынды өндіріп,
Қазақтың қамын ойлаған!
Қырсықтан, дерттен сақтасын!
Қауіпсіз жұмыс жасасын!
Қуантып бала-шағасын,
Қауышып аман-саулықпен,
Қашанда аман оралсын
Қашықтан елге, ауылға!

Құралай ЖҰМАБАЙ,
Қ.Сәтпаев атындағы №19 мектеп-
гимназиясының 6 сынып оқушысы
Атырау қаласы.

(Әкесі Қуандық Садиров – ЕМГ
жобалау-сметалық жұмыстар қызметінің
инженер – жобалаушысы)

«Биссимилә» деп жалбарынып Жаратқанға,
Пендеміз ғой шүкір дейтін таң атқанға,
Әркімнің маңдайына жазады екен,
Нәсібесін адам қылып жаратқанда.

Талпынсаң да күшті емеспіз бір Құдайдан,
Вахта жасап еңбек еткен бір айдан,
Мұнайшыға тілек жазайын азғантай,
Нәпақасын тауып жүрген мұнайдан.

Еңбек етіп қысы-жазы алысқан,
Жер қыртысы, қачалкамен танысқан,
Ақ каскамен, көк форманы киіп алып,
Ол мұнайшы көзге түсер алыстан.

Міндетіне алып, скважина талайын,
Оператор өндіретін мұнайын,
Вахта бітіп, оралғанша үйіне,
Өткізетін ен далада жыл-айын.

Болсын мейлі ызғары мен желді күн,
Ауыстыратын шкиві мен белдігін,
Күнде көріп қастарында жүргесін,
Мен айтамын мұнайшының ерлігін.

Мұнайшыларға!

Қарамайтын шаң, топырақ, тозаңға,
Ертеменен тұрып алып азанда,
Пешін жағып тұз бен суын айырып,
Сол мұнайшы май жинайтын қазанға.

Бұрынғыдай көрмесе де азап күн,
Мейлі өткізсін вахтасында санап күн,
Жер астының «қара алтынын» өндіретін,
Мен де – өзіңдей, мұнайшымын, қазақпын.

Бастарына төндірмей тек қайғыны,
Мұнайшының өсе берсін айлығы,
Ең бастысы, халқым үшін қазына,
Таусылмасын жер астының байлығы...

Қанат ҚҰТЖАН,
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ Б.Жоламанов
МГӨ бөлімі жұмысшы агентті қабатқа
сіңіретін насос стансасының машинисі



Ерен ерлері елінің

Өндіретін еңбекпенен мұнайды,
Ерен ерлер сапымызды құрайды.
Күн астында жел өтінде вахтада,
Өткізетін қиналмастан Күн, Айды.

Ұжым едік аты шулы татулы,
Қабақтарда жазылама қатулы.
Қоңыр күзбен келетұғын үндесіп,
Құтты болсын мейрамдарың айтулы.

Сендер едің ерен ері елімнің,
Қабаттарын игеретін жерімнің.
Еңбектерің кейбіріннің өлшеусіз,
Есебі жоқ төгілісе де теріңнің.

Шарықтасын шалықтасын Күн, Айың,
Таусылмасын аға берсін мұнайым.
Нәсібесі ырыздығы елімнің
Кетпесінші далаға деп сұрайын.

Аман есен үйлеріңе қайтыңдар,
Татулықты бірлікті енді айтыңдар.
Мұнайшылар мерекесі келгенде,
Қуанып бір бөрікті аспанға атыңдар.

Жұмабай АМАНОВ,
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ Б.Жоламанов
кен орнының 5-дәрежелі мұнай және газ
өндіру операторы



Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік басқармасы

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: ұйымдастыру бөлімі
Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

А.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177.
L.Suleimenova@emg.kmgep.kz
Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.
G.Karajanova@emg.kmgep.kz
А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309
A.Ertleuova@emg.kmgep.kz

Баспахана:

«Print House Geron» ЖШС
Мекен-жайы: Алматы қ., Қ. Сәтпаев көш., 30А/3,
Х. Ерғалиев жағалауы бұрышы, 124 кеңсе.
Тел: +7(727) 250-47-40, 398-47-39.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Қ. Қасымғалиев - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;

Р.Тасмағамбетова - Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Г.Шарафетдинова - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

Т.Сәрсенов - мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Қ.Қалидуллин - әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры;

Ж.Мұханғалиев - өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің бастығы;

А.Сүлейменова - ұйымдастыру бөлімінің қоғаммен байланыс жөніндегі менеджері.